

**Қадірәліұлы Ғ.**

**Таудай тұлға: Естелік / Ғалым Қадірәліұлы // Орталық Қазақстан. - 2000. - 15 наурыз. - (Академик Евней Бөкетовтың туғанына – 75 жыл)**

Қазақстан ғылымының ірі тұлғасы болған академик Е.А.Бөкетовты Қарағанды, Алматы жұртшылығы, Москва оқымыстылары жақсы біледі. Ал, біздің Петропавлдың, академик туған ауданының орталығы — Сергеев селосының кейбір жас тұрғындары оның кім екенін сексенінші жылдардың аяғына дейін білмейтін, немесе өте аз білетін. Мұның мәнісін Евекеңнің елден ерте кетуі, облысымызда химия және металлургия ғылымы мен өндірісінің аз дамуы, ал бұл саладағы ашылған жаңалықтардың құпия болуы сияқты дәлелдермен түсіндіруге болады.

Евней Арыстанұлы сияқты адамды жазу үшін онымен кемінде бір деңгейде қатар тұру керек. Ғылым саласын жете білмейтін біз сияқтылар мұндай ұлы адамды әр қырынан көрсете алуы екі талай. Дегенмен, жерлес ағамызбен аз да болса бірге жүріп, дәмдес болғаныма мақтаныш сезіммен қарап, аздықөпті есте қалған жайттарды айтып бір қырынан болса да көрсете кетуді жөн көрдім.

Алпысыншы жылдардың бас кезі болатын. Қазақстан Ғылым академиясының Қарағандыдағы химия-металлургия институтына Евней Арыстанұлы Бөкетов директор болып келіпті дегенді естідім. Мен ол кезде Қарағанды қаласының бір мектебінде қызмет істеуші едім. Евнейдің өзін көрмесем де, оны білетін жолдастарының, жерлестеріміздің және туыстарының айтуы бойынша атына қанық болатынмын. Ол кезде көмірлі қалада тұратын көкшетаулықтар мен қызылжарлықтар бір-бірімізбен араласып-құраласып жататынбыз.

Ең үлкені Евекең боп саналатын Бөкетовтер бес ағайынды еді. Бәрі де ұлдар, Бәлтай апаның балалары. Олар: Қамзабай, Жәркеш, Шәбден, Есләмбек. 60-шы жылдары Евекеңнің сол төрт інісі Қарағандыда тұратын. Ол жігіттердің бәрі де оқыған, өте сауатты, екі тілге де жетік, қызметтері жоғары болатын. Енді, міне, арамызға Алматыдан тағы бір жерлес ағамыз келгесін сәлем беруге бір күні іздеп бардым. Кезегім келіп, кабинеттің есігін ашсам, ұзын бойлы, толық денелі жасы отыз бестер шамасындағы жігіт бөлменің төрінде отыр екен. Мұндай зор денелі адамды бірінші көруім, тіпті Қарағандыдағы мен білетін туыстарына да, інілеріне де ұқсамайды. Алып адам.

Евней түрегеліп, қолын ұсынып, сәлем бергенде, менің орта бойым мен арық денем өзіме өте кішкентай болып көрінді. Жайғасып отырғаннан кейін сөзді бірінші Евекең бастады:

—Атың кім, інішек?— деп күлімдеген кездерімен жылы қарады. Денесі ірі болғанымен жүзі жылы, иман жүзді, жұмсақ адам екен.

Мен аты-жөнімді айтып, өзімді қысқаша таныстырып шықтым.

—Қандай шаруамен келдің?

—Шаруам онша көп емес. Сізге арнайы сәлем берейін деп...

—Онда көп рахмет, саған! Жөніңді айта отыр.

—Жөн айтатын болсақ, Қарағанды пединститутының физмат факультеты тәмамдап, осы қалада бір мектепте қызмет атқарып жатырмын. Әке-шешемді көшіріп алдым. Іні-қарындасым осында оқиды. Сіздің шешенізбен, інілеріңізбен ертерек танысқанбыз, туыстай болып кеттік. Өйткені, бәріміз бір елденбіз ғой, — деп қысқаша түсіндірдім.

—Онда сіздер Көкшетаудан, я Қызылжардан болдыңыздар ғой ғой?

Жок. Біз Сергеев ауданы (бұрынғы Октябрь ауданы) Ленин ауылынанбыз.

Ата-тегіміз де, туған жеріміз де алыс емес, бәріміз Бәйімбеттің баласымыз, ауылымыздың арасы 30-40 шақырым ғана.

—О, браток болдың ғой! (бұдан былайғы кездесулердің бәрінде мені «браток» деп атап кетті). Бұдан әрі Евней өзі жайында қысқаша айтып өтті. Оның өмірбаяны бізге мәлім.

—Жарайды, браток, келіп сәлем бергеніңе, танысқаныңа өте рахмет. Қарияларға өзім барып сәлемдесемін, — деді.

Евнейдің шешесімен бұдан ертерек танысқан болатынбыз. Ол аққұба, орта бойлы, толықша келген кісі еді. Көпшіл адам. Еш қиындыққа мойынсұнбай, бес ұлды тәрбиелеп өсірді, оқытты. Біз, Қарағандыдағы ауылдастары, ол кісіні өте сыйлаушы едік. Қамзабай деген екінші баласының қолында тұрды. Қамзабай ол кезде бір үлкен қалалық мекемені басқаратын.

Әлі есімде, менің үйлену тойыма жерлестерім көп көмек жасады. Соның ішінде Евекең тойдың басықасында болып, басшылық етті. Құдалар алдынан өту, құда шақыру деген дәстүрді қандай шеберлікпен, мәдениеттілікпен атқарды десеңізші. Ондағы айтып отырғаным — ескі салт пен жаңа салттың түйіскен жерлерін білгірлікпен ұштастыра алғандығы, халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін тамаша жетік білетіндігі.

Қыз (келін) жағынан келген құдалардың ішінде белгілікті адамдар болды. Олар менің қайын атам—Мүлтенев Адамбек (милиция майоры), оның жерлес туыстары Дәниел Керімбаев (Қазақстан Жоғарғы Советі Президиумының бұрынғы төрағасы Тәнзел Керімбаев (милиция полковнигі), Амантай Сағындықов (белгілі журналист, «Орталық Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі), Амантай, Мұқаш сияқты (белгілі шахтер) қайын ағалар, әріптес қайын аға Әбуғали еді. Осы тойда құрметті қонақтардың бәрі де Евнейдің асқан аталы сөздеріне (білгірлігіне) тәнті болып, ризашылықтарын білдірді. Евнейдің күміс қоңыраудай күлкісі, көктем таңындай жайдары жүзі кімді болса да өзіне баурап алатын.

Евней қолы қызметтен босай қалған кезде, әсіресе, демалыс күндері әңгіме құруды ұнатушы еді. Оқығанынан тоқығаны көп қариялармен жиі кездесетін, Олардың ішінде менің әкем және Қабыкеш Сердалыұлы ақсақал болатын. Бұл кездесулерде Евней олардан сөз тартып, неден хабарлары бар екенін алдын ала болжап алатын. Одан соң өз білгендерін салыстырып, оқиға желісін анықтай түсетін. Сөйтіп, үлкендермен сөйлескенде де әңгімесі жарасып тұратын.

Евекең жерлестерін, жақын туыстарын, ағайындарын өте жақсы көріп, сыйлаушы еді, оларға әрдайым қамқоршы болатын. Соның ішінде туған анасы—Балтай апаны ерекше құрметтейтін. Алматыда аспирантурада оқып жүргенде жалақысынан (ғылыми-әдеби мақалалардан түскен қаламақысынан) Қарағандыдағы анасына айына 50 сом ақша салып тұратын. Осы кезде бұл ақша бір кісінің жалақысына тең еді. Балтай апаның күй-жайы онсыз да жақсы еді, дегенмен ана алдындағы борышын аз да болса өтей берейін деген ниеті болуы керек.

Жаз айында дүние салған анасын сонау Сергеев ауданындағы әкесі, аталары жатқан зиратқа әкеліп қойды. Бұл да анасының айтқан өсиеті бойынша орындалған іс шығар. Евней Арыстанұлының әңгімесін тындауға әрқашан асығып тұратынбыз. Ғылым жайында айтқанда Қаныш Сәтбаевты аузынан тастамайтын. Оның біз білмейтін жақтарын Евнейден естуші едік. Ол бір әңгімесінде:

—Қанекен бұрын тақыр, мардымсыз өңір саналған Жезқазғанды, Ұлытауды, Алтай мен Қарсақпайды, Балқашты, бүкіл Орталық Қазақстанды дүние жүзіне әйгілі етті. Сол Қанекеннің басқаруымен Қазақстан Магниткасы, Соколов-Сарыбай, Жезқазған кен байыту комбинаттары салынды. Сарыарқа кенге бай, суға тапшы. Сондықтан Ертіс-Қарағанды каналын салу да сол кісінің жобалауымен болған еді. Қаныш Имантайұлы ғалымдар армиясының командирі, тәрбиешісі, ақылшысы еді. Сол кісіден өнеге алғанымға қуаныштымын, өзімді бақыттымын деп санаймын, — деген еді.

Шындығында да солай екеніне талай көзіміз жетті. 1961 жылдың жаз айы. Ежелгі әдетім бойынша Евнейдің кабинетіне кіріп, сәлемдесіп шыққалы келіп едім. «Сәтбаев келе жатыр!» деген дауысты естідік. Есікті ашып, қарсы алуға шыққанымызда екі жаққа қақ айырылып тұрған халықпен Қаныш Сәтбаев қол алысып, амандасып келеді екен. Кабинеттің кіре берісінде ол Евнеймен кездесіп, көптен көрмеген туыстарындай қатты қол қысысып амандасты. Менімен де жылы шыраймен амандасты.

—Мына жігіт осы институттың қызметкері ме?— деп сұрады Қанекен.

—Жоқ, менің братогым,— деді Евней маған қарап, отыра бер дегендей ыңғай білдірді. Өзімнің күткенім де сол еді. Шынын айтсам, дүние жүзіне әйгілі болған ғалым, академия басшысы-президент Қанышты көзбе-көз көріп отырғаным осы болатын. Сондықтан да мұндай адамдармен тілдесу, оларды тыңдау мен үшін мәртебе сияқты болып сезілетін.

—Жаңа самолеттен түстім, обком қарсы алды, сондықтан сіздерді мазаламадым,— деді Қанекен.

Әңгіме басы амандық-саулықтан басталды. Қаныш Сәтбаев толықша келген ақсары адам екен. Бұйралау шашы артқа қайырылған. Бетінің әр жерінде, маңдайында әжім сызықтары бар, ал шырайлы күлімдеген көздерінің жиегінде жйіленген әжімдер бет-әлпетіне сән беріп тұрғандай көрінді.

Әңгіме желісі маған түсінікті болды. Ол жеңілден күрделіге ауысты. Кадр мәселесі, оның ішінде академик Михайлов жөнінде (алғашқы директор),

ғылым докторы Әзербайев жөнінде, ғылым кандидаттары мен болашағы бар жастар жөнінде егжей-тегжейлі сұрап, әңгіме етті. Материалдық базаны нығайту керектігін, жаңа зерттеулер жайында сөз қылып, Евней жаңа институт корпусын салу мәселесін кетерді. Осы бір азғантай кездесуден көп нәрсені аңғаруға болатын еді.

Евнейдің жұмыс қабілетін, одан үлкен жеміс күтуге болатындығын Қаныш Имантайұлы ерте байқаған екен. Евней 1950-60 жылдар арасында Қазақ политехникалық институтында жүрген кездерде көзге түседі. Сондықтан болар Евней Бекетовті осы қызметке президенттің өзі ұсынады. Сол артқан үлкен сенімді Евней Арыстанұлы абыроймен ақтады да.

Сайып келгенде Евней Арыстанұлы Бөкетов түсті, асыл және сирек металдар металлургия саласының ірі ғалымы болып шықты. Бөкетов республикаға ғана емес, ол бүкіл шетелге танымал ғалым.

Сырттай байқап отырсақ, Евекең бар арманына жеткен, бақытты адам сияқты. Ғылым дәрежесінің шыңына шықты, қызметінің қызығы мен мәртебесін көрді, ұл-қыз өсіріп, немере сүйді. Бұдан артық не керек? Жоқ, біз пендеміз. Армансыз адам болмайды. Евней Арыстанұлының балалық шағы мен өмірінің соңғы кезеңі өте ауыр жағдайда өткені белгілі.

Шиеттей баланы асыраймын, оқытамын деп шұлық тоқып, киім тігіп анасы зар қақты. Қиын қыстау кезеңдерде (1930) Ресей жеріне көшіп те кетті. Балалардың әкесі науқас болды, ерте дүние салды. Күнкөріс, білім алу, талпыныс бәрі де Бөкетовтер отбасына қатар келсе де, олар бар қиыншылықты жеңу мақсатымен алға талпынды. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма» деген бар. Сол қиыншылықтың әсері болар Евней Ұлы Отан соғысы кезінде он жылдықты бітірмей, 9 кластық біліммен мұғалім болып, аудан мектептерінде сабақ берді. Шәкірттерді Есенинмен, Маяковскиймен, Сәбит Мұқановпен таныстырды.

Евней өмірінің соңы, сүреңсіз кезеңдері іштарлық, көреалмаушылық, бақастық негізінде туған құбылыс — жазықсыз қудалауға тап болды. Адам барлығына көнеді, көнтерлі адам бәріне де шыдайды. Бірақ жазықсыз, күнәсіз кінәні, қиянатты адам жүрегі көтере алмайды екен.

Бір әңгімені Евней Арыстанұлының көзі тірісінде өз аузынан естіп едім.

—Соңғы президент (Ғылым Академиясының) сайлауында республика ғалымдары менің де кандидатурамды ұсыныпты. Көпшілік дауыс алыпшын. Бірақ партияның алдын-ала дайындап қойған адамы болып, соны президенттікке күштеп енгізіпті. Құдай-ау, президенттік деген өңім түгіл, түсіме де енген нәрсе емес еді...» — деп күліп отырушы еді.

Евней Бөкетов өмірінің бір тамаша бақытты шақтары (15 жыл) Қазақ политехника институтындағы (бұрынғы тау-кен институты) кездері еді.

Ол студент, ол аспирант, ол ғылым кандидаты, ол институт ректорының ғылым және оқу ісі жөніндегі орынбасары. Одан соңғы ширек ғасырға жуық уақыты Қарағанды қаласында өтті, оның 12 жылы Қазақстан Ғылым Академиясы химия-металлургия институтын басқаруға кетті, 8 жыл Қарағанды Мемлекеттік университетінің ректоры болды. Бір кездегі әйгілі металлург-академик өмірінің соңғы жылдарында ХМИ-де аға ғылыми

қызметкер болып істесе де, Қарағанды көмір бассейніне байланысты жаңа тың ғылыми мәселелер көтеріп кетті. Ол мәселелерімен бұл күндері оның шәкірттері айналысуда.

1983 жылдың қазан айы еді. Жолым түсіп, Қарағандыға келдім. Жылдағы әдетімше Евнейдің кабинетіне бас сұқпақ едім, бұл кезде университет ректорлығынан түскен екен. Узын бойын сақтаса да, әбден арып, ысылыпты. Көңілі қаяу, жүрегін жеген бір жайды сездім. Окуджаваның «Шындыққа жетсең — желкең қиылар» деген сөзі есіме түсті.

—О, браток, келіп қалдың ба?— деп қуана қарсы алды. Салған жерде: Осы сендер Қарағандыда тұрғанда Кәдекең нешеде еді?—деп сұрады. (Кәдекең деп отырғаны менің әкем).

—Алпыстар шамасында болу керек, — дедім жобамен есептеп.

—Сонда, — деді Евней, Кәдекеңнің сол кездегі жасы біздің бүгінгі жасымыздан азақ артық екен ғой. Ал біз ол кісіні үлкен ақсақал деп есептеуші едік...

Міне, осы кездесуден екі ай өткен соң Евней Арыстанұлының қайтыс болғанын естідік. Кенеттен, жүрек талмасынан қайтыс болған екен.

Келесі жылы институтқа тағы келдім. Бұл жолы ешкім мені қарсы алмады. Институт кіре берісіндегі мемориалдық тақтаға ғана көзім түсті.

Евекең өмірден ерте 58 жасында өтті. Адамның да, ғылымның да алыбы — үкен бәйтерегі құлады. Бірақ артында оның рухы, баға жетпес мұрасы қалды. Ол отандық ғылымға өз үлесін молынан қосып кетті. Академик Бөкетовтың ұлылығы, ғылыми, әдеби мұрасы жастар арасында енді-енді танылып жатыр. Евней Арыстанұлы көп жұлдыз арасындағы Шолпандай әрқашан жүрегімізде жарқырап тұрады.

Евней Бөкетов әдебиет саласында сыншы, аудармашы ретінде де танылды. Ол мектепке жүрген кезінің өзінде қазақ жазушыларының шығармаларын орысшаға аударуға талпынып, кейін болгар, француз, ағылшын жазуларын қазақшаға аударумен шұғылданды. Иә, Евней өмірден өткелі де он жеті жыл болыпты. Алдымен есімін мәңгі сақтау үшін қандай іс тындырылды? Әрине, аз емес. Қарағанды университетіне, Петропавлда ғылыми-техникалық кітапханаға, Сергеев ауданы орталығындағы мектепке академик Бөкетов аты берілді. Бірнеше көшенің (әр қалада) аты академик атымен аталады. Мемориалдық тақта орнату, қор ашу, мұражай ашу сияқты істер тындырылып жатыр. Соңғы он жыл ішінде академиктің ғылыми еңбектері жинастырылып, әдеби шығармалары басылуда, түрлі естеліктер жазылуда.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев академик Е.Бөкетовтың аруағын сыйлап, еңбегін жоғары бағалауының нәтижесінде аталған игі істер абыроймен атқарылуда. Бұл жерде Евекеңнің туған інісі Қамзабайдың еңбегі үшін ұшан-теңіз. Қарағанды жұртшылығы, оның ішінде Евекеңнің шәкірттері, бүгінгі белгілі ғалымдар З.М.Молдахметов, В.П.Малышев, Ә.Баешев, М.З.Угорец, Н.С.Бектұрғанов, Б.К.Қасенов, М.И.Бакеев, К.Н.Болатбаев, тағы басқалары өз ұстазын аса бір құрметпен еске алды.

Біз, академиктің жерлестері, қызылжарлықтар Евекеңнің қиын-қыстау кездеріне қол ұшын беріп, көмек көрсеткен жазушылар мен журналистер:

Ж.Бектұров, А.Брагин, Д.Снегин, Ә.Тәжібаев және М.Әлімбаев пен В.Мыльницкийге, белгілі қоғам қайраткері ақындар К.Салықов пен Е.Зікібаевқа, архитектор Шотан Уәлихановқа және «Орталық Қазақстан» газетінің ұжымына бүкіл туыстары мен Солтүстік Қазақстан халқының атынан ризашылығымызды білдіріп, үлкен алғысымызды айтамыз.

Біз өз тарапымыздан қолдан келген жұмыстарды атқарып жатырмыз. Бөкетов қорын, Бөкетов мұражайын аштық. Укімет қаржыландырмайтындықтан бәрін қоғамдық негізде ұйымдастырдық.

ЕАБөкетовтың 1995 жылдан бері орталық газет-журналдарда әдеби аудармасы, ғылыми мақалалары жиналуда. Оның ішінде очерктер, аударылған әңгімелер, өлеңдер, пьесалар бар. Осындай әдеби, ғылыми баспалардан шыққан кітаптарын оқушылар, мұғалімдер өздерінің күнделікті оқу ісінде пайдалануда. Әсіресе, университеттің филология, тарих, химия кафедралары студенттерге баяндамалар, рефераттар, курстық жұмыстар, дипломдық жұмыстар жазғызуда.

Сөйтіп, біздің жастарымыз Бөкетов тақырыбын кеңінен, тереңірек зерттеуде. Академик Е.А.Бөкетов мұрасы шыннан аққан қайнар бұлақтай таусылмайды.